

Шерубай
Құрманбайұлы

ТЕРМИНҚОР
ҚАЛЫПТАСТЫРУ
КӨЗДЕРІ МЕН
ТЕРМИНЖАСАМ
ТӘСІЛДЕРІ



ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ ШЕРУБАЙ

**ТЕРМИНҚОР ҚАЛЫПТАСТЫРУ
КӨЗДЕРІ МЕН
ТЕРМИНЖАСАМ ТӘСІЛДЕРІ**

(Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал)



**Сөздік-Словарь
Алматы
2005**

Құрманбайұлы Ш.

Қ 77 Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). Алматы: “Сөздік-Словарь”, 2005.— 240 бет.

ISBN 9965-409-87-0

Ұлт тіліндегі термин шығармашылығы сөзжасам, терминжасам тәсілдеріне негізделеді. Терминқор қалыптастырудың ішкі және сыртқы көздері пайдаланылады. Қазіргі термин жасау, терминологиялық сөздіктер түзу барысында орын алып жүрген көптеген кемшіліктер сала мамандарының сол тәсілдер мен көздерді қалай ұтымды пайдаланудың жолдарын білмеуден туындайды. Сол үшін салалық мамандарға лингвистикалық тұрғыдан бағдар беретін әдістемелік құрал қажеттігі талай рет көтерілген мәселе. Ұсынылып отырған әдістемелік құрал сондай олқылықтың орнын толтыру мақсатымен жазылып отыр.

Ғылыми-әдістемелік құрал барлық арнаулы сала мамандарына арналған.

Қ $\frac{4602000000}{00(05)-05}$

ББК 81.2 Қаз я 7

ISBN 9965-409-87-0

© Құрманбайұлы Ш., 2005
© Сөздік-Словарь, 2005

Сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді.

Ахмет Байтұрсынұлы

АЛҒЫ СӨЗ

Тілдің арнаулы салалардың барлығындағы қолданысын лингвистикалық тұрғыдан қамтамасыз ету — терминдер қорын жасау мен оны жүйеге келтірумен тығыз байланысты. Білім беру мен білім алуды, ғылымды игеру мен оны меңгеруді, ақпарат алмасуды ұлт тілінде жүзеге асыру үшін арнаулы лексиканың негізін құрайтын терминдер қоры да сол тілдің мүддесін көздеп, ішкі заңдылықтарын ақтай отырып жасалуы керек. Ал термин жасау, сөз шығармашылығы кәсіби біліктілікті, ерекше ізденімпаздық пен талғампаздықты әрі үлкен жауапкершілікті қажет ететін күрделі жұмыс. Ұлт тілінде термин жасаудың тамаша үлгісін көрсеткен ардақты Ахаң сөз жасаудың сырын терең ұққан тіл білімпазы ретінде бұл істің әркімнің қолынан келе бермейтіндігін баяғыда-ақ бағамдап, жасалған сөздердің бәрі бірдей жауһар бола алмайтынын айтып кеткен. Бұл сөз қазақтың бас ақыны ұлы Абайдың “өлеңге әркімнің-ақ бар таласы, сонда да солардың бар таңдамасы” деп, айналасы теп-тегіс жұмыр келген өлеңді қазақтың әр баласының келістіре алмайтынын айтқаны сияқты, қазақтың бас тілшісі Ахаңның да сөз, термин жасау да екінің бірінің қолынан келе беретін іс емес екендігін айта отырып, оның термин-сөз жасауға қойған талабы ретінде ұққан жөн. Ұлтымыздың ұлы тұлғаларының бірінің поэзияға, екіншісінің сөз шығармашылығына қатысты астаса айтылған, үндесіп жатқан ойларынан қай іске де үлкен жауапкершілікпен қарау керектігін ескертумен қатар, қандай шаруаны да соған маманданған хас шеберлердің қолына алу қажет екендігін атап көрсеткені айқын аңғарылып тұр.

Өттен, өлеңге келгенде де, сөз шығармашылығында да даналарымыздың даңғыл жолды көрсетіп отырған қағидат болар сөздерін ескере бермейтініміз өкінішті-ақ. Әйтпесе, сөз патшасы саналған өлеңге әркім-ақ таласып, сөз жасау да сөз болып па деп қарауға көбірек жол беріп алмас едік. Терминдер сөздігін түзіп, термин жасап, термин туралы әңгіме қозғап жүрген әрқайсысымыздың Аханның жоғарыда эпиграф ретінде алынған сөзін Сұлтанмахмұтша айтқанда “көңілге жат тоқып алсақ” артықтық етпес еді. Оны айтып отырған себебіміз қазір термин туралы айтылып-жазылып жүрген әңгіме де көп, жарық көріп жатқан терминологиялық сөздіктер мен жаңа жасалып жатқан жекелеген атаулар аз емес. Жалпы алғанда бұл бір жағынан құнарлық та іс. Бірақ сан емес сапа тұрғысынан келгенде “сонда да солардың бар таңдамасы” демекші, сол жасалған термин-сөздер мен жарық көріп жатқан сөздіктердің бәрін мінсіз, ал термин туралы жазылып жатқан үлкенді-кішілі жарияланымдардың барлығының ғылыми-теориялық негізі берік зерттеулер, практикалық құндылығы зор еңбектер десек, онымыз артықтау айтылған сөз болары анық. Терминология саласындағы қазіргі жағдайдан хабары бар көзі қарақты зиялылар, ғылыми қауым оны жауырды жаба тоқу, мәселенің мәнісіне бармай үстірт пайымдау, теңгермешілік тезінен шықпау деп түсінген болар еді. Сондықтан да осы саланы арнайы зерттеп жүрген мамандар жетістіктер мен орын алып жүрген кемшіліктерді дер кезінде көрсетіп, бұл іске әркім қолынан келетін, мәселені жетік білетін қырынан келіп кәсіби тұрғыдан араласып жатса, ортақ міндетті атқаруға бағытталған істеріміз оңға басары анық.

Өз тілімізден алынса да, өзге тілдерден қабылданса да термин деп жүргеніміздің бөрі — сөз. Сөзді өзге ғылымдар да зерттеп жататынына қарамастан, ол ең алдымен тілдік бірлік, сондықтан да тіл білімінің нысаны ретінде оны зерттеу — лингвистиканың төл міндеті. Термин сөздің тілдік табиғатын басқа салалардың мамандарына түсіндіріп, термин жасау, терминологиялық сөздіктер түзу барысында орын алып жататын кемшіліктерді айқындап беру, терминге қойылатын лингвистикалық талаптарды атап көрсету — тілші ғалымдардың, терминтанушылардың тікелей атқаруға тиісті ісі. Бұл орайда қазақ тіл білімінде ғылыми-теориялық, тарихи шолу, танымдық тұрғылағы бірқатар зерттеу

еңбектері жарық көргенімен, әдістемелік тұрғыдан басшылыққа алуға болатын, терминологияның практикалық жұмыстарын жүргізуге арналған еңбектер жағы жоқтың қасы. Тіпші-терминолог ғалымдардың бұл мәселеге назар аударып, аталған олқылықтың орнын толтыру қажеттігі жөнінде түрлі сала мамандары тарапынан сан мәрте мәселе көтерілді, сын пікірлер де айтылды. Мемтерминком жұмысын үйлестіруде, өзге де терминологиялық жұмыстарға араласу барысында басшылыққа алатын ғылыми-әдістемелік құралдардың аса қажет екендігіне өзіміз де сан мәрте көз жеткіздік. Сондықтан да аталған олқылықтың орнын толтыруға септігімізді тигізу міндетіміз деп санай отырып, терминологиялық жұмыстарды жүргізуге қатысы бар барлық сала мамандарына, терминдер сөздігін түзушілерге, жалпы термин мәселесі қызықтыратын көпшілік қауымға арналған осы еңбегімізді ұсынып отырмыз.

Бұл еңбек арналып жазылып отырған қауымға лингвистикалық тұрғыдан азды-көпті септігін тигізіп жатса, мақсатымыздың орындалғаны деп білеміз.

I тарау. ТЕРМИН, ТЕРМИНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР



I.1. Термин туралы

Терминді әдетте біз ең алдымен, адам қызметінің белгілі бір арнаулы саланың шеңберінде, негізінен кәсіби мамандар тілінде, арнаулы әдебиеттерде қолданылатын сөз деп ұғамыз. Ал терминтанушы мамандар арасында терминнің тілдік табиғатын танытатын әр түрлі белгілері атап көрсетіледі. Термин жөнінде сөз қозғалғанда “**Барлық термин – сөз. Бірақ сөздің бәрі термин емес**” деген тұжырым жиі қайталанып жатады. Бұл тұжырымды тілдегі сөз деп танылатын тілдік бірліктерге қатысты дұрыс айтылған деуге болады. Алайда терминнің тілдік бірлік болып табылмайтын құрамына сандар, графикалық таңбалар кіретін символ-сөз түрлері де болатындықтан, мұндай тұжырымды терминнің барлық типтеріне қатысты жалпы сипат ретінде қабылдауға келе бермейді. Сонымен қатар, терминнің тек қана сөз емес, терминологияда сөз тіркесі түріндегі терминдердің мол екенін және кейбір тілші-терминолог ғалымдар атап көрсетіп жүргеніндей, сөйлем терминдердің де болатынын ескерсек, “**Барлық термин – сөз. Бірақ сөздің бәрі термин емес**” деген пайымдаудың термин табиғатын жан-жақты ашып түр дей алмасақ керек. Сондай терминнің тілдік табиғатын түсіндіру кезінде өте жиі қайталанатын тұжырымдардың бірі Н.З.Котелованың “*Терминдер – сөздер, тілдік ешнәрсе оларға жат емес*” (“Термины – это слова, и ничто языковое им не чуждо”) деген сөзі. Ғалымның сөзін түпнұсқа тілдегі қалпына байланып жоғарыдағыдай сөзбе-сөз, дәлме-дәл көшірмей, автордың айтпақ ойы мен сөйлем мағынасын сақтай отырып, өз түсінігімізге лайықтап, тілімізге жатықтау етіп сәл басқашалау аударсақ, “**Термин деген – сөз, тілдегі сөзге тән қасиеттердің ешқайсысы да оған жат емес**” деген болар едік. Термин-сөздің лингвистикалық табиғатын тану тұрғысынан кел-

генде ғалымның пікірі орынды айтылған. Оны соңғы жылдары терминтану саласында жүргізілген көптеген лингвистикалық зерттеулер нәтижелері растап отыр. Бірақ терминнің жасалуы, қолданылуы, қызметі тұрғысынан жалпы әдеби тілдегі атаулардан өзіндік айырмашылықтары бар екендігін атап көрсетіп жүрген ғалымдар пікірлерін де ескерусіз қалдыруға болмайды.

Жалпы термин жөнінде нақты мыналарды айтуға болады.

1. Терминдер негізінен сөз немесе сөз тіркестері болады. (кейде сөйлем түрінде де кездеседі.)

2. Терминдер негізінен тілдік бірліктер (символ-сөз, сан, географиялық таңба түріндегі терминдер де бар. Бірақ терминологиядағы олардың үлес салмағы термин-сөздерге қарағанда әлдеқайда төмен.)

3. Термин — белгілі бір терминологияның мүшесі (А.А.Реформатский).

4. Термин деген — ұғым аты.

5. Терминнің міндетті түрде дефинициясы болады.

6. Терминдердің негізгі басым бөлігі жалпы есімдер, сөз табына қатысы жағынан зат есімдер болады.

7. Терминдер атауыштық қызмет атқарып, негізінен ғылым тілінде, арнаулы сала шеңберінде қолданылады.

Бұл аталғандарды терминтану саласындағы ғылыми еңбектердің көпшілігінде аталып көрсетілетін, мамандар мойындаған терминнің басты белгілері деуге болады. Терминтану саласындағы зерттеу еңбектерінде, лингвистикалық ғылыми әдебиеттерде терминнің өзге де қасиеттері, өзіндік қырлары мен ерекшеліктері аталып жатады. Сала мамандарына олардың бәрін білу шарт емес болғандықтан, біз негізгілерін ғана атап көрсеттік.

Термин құрамы жағынан түбір сөз де, туынды сөз де, күрделі сөз де, терминологиялық тіркес те болуы мүмкін. Мысалы:

Түбір терминдер: *сөз* (лингв.), *тау* (геогр.), *ән* (муз.), *тап* (тарих), *сан* (матем.) т.б.

Туынды терминдер: а) *айдауыл* (әскери), *шағылдырғыш* (физ.) *қосынды* (мат.) *есімдік* (лингв.), *балқынды* (хим.), *буландырғыш* (машин.) т.б. ә) біріккен атаулар — *асқазан* (мед.), *ишперде* (биол.), *шымтезек* (хим.) *сөзжасам* (лингв.), *қолжазба* (әдеб.) т.б.

Тіркесті терминдер: *сөз тіркесі* (лингв.), *атыс аймағы* (әскери), *айналмалы жиілік* (тех.), *айнымалы қозғалыс* (физ.), *бүтін сан* (мат.), *егіз үйқас* (әдеб.) т.б.

Терминдер ұлт тіліндегі сөзжасам үлгілерімен қатар шет тілдерінің термин жасаушы термин бөлшектері (терминдік элемент) қатысуы арқылы да жасалады.

Терминбөлшек (терминоэлемент) дегеніміз – терминологиялық мағынасы бар ең кіші бірлік.

Терминдер негізінен жалпы есімдер болатыны белгілі. Сонымен қатар жалқы есімдер қатысуымен жасалған терминдер де болады. Олардың қатарына *эпонимдер* немесе *фамилия терминдер* (фамильные термины) де кіреді. Жалқы есімдер күрделі терминнің сыңары ретінде қолданылады. Мәселен, В.Даниленко өз зерттеуінде мына мысалдарды келтіреді: *Ньютон* заңы, *Пифагор* теоремасы, *Ом* заңы, *Матросов* тежеуіші (*тормоз Матросова*), *Бэр* заңы, *Вильда* буландырғышы (*испаритель Вильда*), *Есаки* эффекті (*эффект Есаки*), *Ферми* энергиясы (*энергия Ферми*), *Бриллюэн аймағы* (*зона Бриллюэна*) т.б. тіркесті терминдер құрамында – *Вольт* доғасы (*Вольтва дуга*), *Торичелли бостығы* (*Торичеллиева пустота*), *аристофанов* өлеңі (*аристофанов стих*), *горациев* шумағы (*горациева строфа*), *пифагор* жүйесі (*пифагорова система*) т.б.

Ғалым атап көрсеткен мұндай терминдер қатарына *Френель* аумағы (*зона Френеля*), *Вавилов-Черенков* сәуле шығаруы (*излучение Вавилова-Черенкова*), *де Бройль* гипотезасы, *де Бройль* толқындары, *Мюллер-Редже* талдауы, *Гельмгольцтің* сығылу гипотезасы, *Ферми* шекарасы, *Бойль-Мариотт* изотермі, *Больцман* тұрақтысы, *Гейзенберг* көрінісі, *Кюри* принципі, *Бойль* нүктесі, *Керр* эффекті, *Майкельсон* эшалоны, *Архимед* спиралі немесе жалқы есімдердің метонимиялануы арқылы жасалған *вольт*, *ватт*, *ампер*, *герц*, *кюри*, *генри*, *ом*, *джоул* сияқты терминдерді қосуымызға болады. Соңғылары жалпы есімдер қатарына өткенімен олардың көбінің жалқы есімдер негізінде туындағанын аңғару қиынға соқпайды.

Сондай-ақ аты аталған зерттеуші көптеген зат есімдер мен сын есімдердің сөзжасам үлгісі сөз тудырушы негіз ретінде жалқы есімдердің пайдаланылатынын атап көрсетеді. Мысалы, мынадай геология терминдері: *байкалит* (*Байкал*), *астраханит* (*Астрахань*), *бианкит* (*Бианки* — фами-

лия), глинкит (Глинка – фамилия), валуевит (Валуев), воробьевит (Воробьев – фамилия), гетит (Гете – фамилия), т.б. химия терминологиясында менделевий, кюрий, курчатовский сияқты элементтер атаулары: философия терминологиясында ғылыми ағымдар атаулары: (марксизм, ленинизм, тоизм) т.б.

Терминтанушылар тарапынан терминге берілген анықтамалар өте көп. Олардың бірін-бірі толықтыратындары да, қайшы келетіндері де, бірін-бірі белгілі дәрежеде қайталайтындары да бар. Жалпы термин мәселесін зерттеп, термин жайлы сөз қозғаған ғалымдардың оған анықтама бермегені кемде-кем. Ондай анықтамалардың бәрін бірдей тізе берсек, сала мамандарының қай анықтаманың терминнің лингвистикалық табиғатын толық сипаттап беретінін ажыратуы қиынға соққан болар еді. Әзірге терминтанушылардың бәрі бірдей мойындап немесе ортақ мәмілеге келіп, ғылыми, анықтамалық әдебиеттерде бірізді қолданылып жүрген анықтама мынау деп көрсету қиын. Сол себепті мамандарға терминнің негізгі белгілерінің көбін қамтыған мына анықтаманы ұсынуға болады:

Термин — ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғым атауы болып табылатын арнайы қолданыстағы дефинициясы (анықтамасы) бар сөз немесе сөз тіркесі. (БСЭ, т.42 стр.302.)

Термин ұғым атауы болса, терминнің дефинициясы деген – сол ұғым атауына берілген дәл ғылыми анықтама. Термин сөздің мағынасы оның дефинициясы арқылы анықталады.

?

Термин қандай болуы керек?

1.2. Терминге қойылатын талаптар

“Термин қандай болуы керек?” деген сұрақ қойылғанда оның мағынасы ұғым мазмұнын дәл қамтуы тиіс, қысқа да нұсқа болуы керек, бір мағыналы болуы керек, жарыспалылықтан, синонимдерден ада болуы керек деген көп керектерден тұратын талаптар қойылып жатады. Жалпы тер-

миннің қандай болуы керектігі жөнінде айтылып, жазылып жататын талаптар аз емес. Олардың бәрін тізе берудің де реті де, қажеті де бола қоймас. Дегенмен солардың ішінен басты-басты саналатындары аталып көрсетілгені, оларды сала мамандардың терминологиялық жұмыстарға араласу барысында ескергені жөн деп білеміз. Тіл мамандары мен терминтанушылардың көпшілігінің еңбектерінде атап көрсетіліп жүрген терминге қойылатын негізгі талаптар мыналар:

1) **Терминнің бірмағыналылығы.** Терминнің негізінен бір арнаулы сала ішінде ғана бір мағынаны білдіруі, синонимдерінің болмауы. “Бір таңбаланушыға — бір таңба, бір таңбаға — бір таңбаланушы” сәйкес келуі керек деген қағидаттан туындаған бұл талапты орындауға салалық мамандардың қай-қайсысы да мүдделі. Кейде бұл талаптың да орындалмай қалып жататындығын кездестіруге болады.

2) **Термин мағынасының дәлдігі.** Термин атаудың өзі белгілейтін ұғымның мазмұнын камтып, ұғымның негізгі басты белгілерінің термин мағынасы арқылы берілуі. Терминологиядағы шарттылық тұрғысынан келгенде бұл талап та үнемі орындала бермеуі мүмкін. Біз термин мағынасының дәлдігі туралы сөз қозғағанда бұл талапты оның дефинициясының дәл берілуіне қатысты қойған дұрыс деп пайымдаймыз.

3) **Терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы.** Бірнеше сөздің тіркесуінен тұратын көп сыңарлы терминді ұғым атауы ретінде, атаусөз ретінде қолдану қолайлылық туғыза бермейді. Атау сөздердің қысқа да нұсқа болғаны жақсы-ақ. Тіл үнемділікті ұнатады. Тіліміздегі көптеген көп құранды тіркестердің лексикалануы, біріккен, кіріккен сөздердің пайда болуы, күрделі атаулардың ықшамдалуы осы үнем заңының талаптары. Алайда терминологияда бұл талап үнемі орындала бермейді. Терминологиялық тіркестер, терминдер жүйесінде көптеп кездеседі. Терминнің көп құрамдылығы оның кемшілігі емес, қайта ондай атаулардың ұғым мазмұнын дәл беру тұрғысынан артықшылықтары бар деп санайтын ғалымдар да бар. Бұл тұрғыдан келгенде “Термин мағынасының дәлдігі оның қысқалығынан маңызды. Сондықтан да терминнің көп сыңарлы болуын оның кемшілігі деп есептеуге болмайды. Егер қандай да бір ұғым бір-бірімен өзара жақсы үндескен сөздерден тұратын тіркеспен аталса,

онда ол терминнің жүйелілігін және сол ұғымның өзге ұғымдармен байланысын көрсетеді”, — деген көзқарас та бар.

4) Терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі. Терминдер де негізінен жалпы әдеби тілдегі атау сөздер сияқты ұлт тілінің сөзжасам тәсілдерін пайдалану арқылы жасалады. Салалық терминдердің көпшілігі әр саланың ғалымдарының, практик мамандарының қаламынан туындайды. Салалық мамандардың барлығы бірдей ұлт тілінің сөзжасам тәсілдерін, тілдік заңдылықтарды, дыбыстардың тіркесімі мен қосымшалардың жұмсалыу ерекшелігін, сөздердің тіркесу қабілетін жетік біледі деп айту қиын. Оның үстіне ұтымды атау жасау үлкен талғампаздық пен шығармашылық қабілетті қажет ететін күрделі жұмыс. Сондықтан да терминологияда сөзжасам заңдылықтарын қанағаттандыра бермейтін термин-сөздер ұшырасып қалып жатады.

5) Терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы. Бұл талап терминнің ықшам болуы қажет деген талаппен үндеседі. Қазақ тілі жалғамалы тілдер қатарына кіретіндіктен неғұрлым қысқа, ықшам атауларға сөз тудырушы жұрнақтарды үсті-үстіне жалғау арқылы бір түбірден немесе негізден бірнеше туынды сөз, жаңа атау жасауға болады. Ал көп құрамды атаулар бұл талапқа жауап бере бермейді.

6) Терминде эмоционалдылық пен экспрессиялықтың болмауы. Жалпы ғылым тілі бейнелілікті, образдылықты емес, әр ұғымды өз атымен атауды қажет ететін дәлдікті, нақтылықты қалайды. Сол себептен де ғылым тілінің негізін құрайтын терминдердің эмоционалдылық тұрғыдан бейтараптық танытып, оларға экспрессияның тән болмауы талап етіледі. Терминге эмоционалдылық пен экспрессиялық жат емес деп санайтын тілші-терминолог ғалымдар да бар. Солардың бірі В.Н.Прохорова “Терминнің эмоционалдылығы туралы” деген мақаласында лексика-семантикалық жолмен жасалған терминдердің метаформальдылығы мен метонимиялылығы оның эмоциялылығын білдіреді... Сондай-ақ егер термин белсенді қолданыстағы эмоционалды сөздерден жасалса, онда термин де сол эмоционалдылық бояуды сақтайды — дейді.

7) Эстетикалық талаптарға сай келуі. Терминнің дыбысталуы айтуға қолайсыздық туғызбай, естуге жағымды болуы. Құлаққа қораштау естілетін, айтуға ауыр, қарапайым лексика, жаргон, арго сөздердің термин ретінде таңдалмағаны жөн.

Байқап отырғанымыздай, терминге қойылатын талаптардың қай-қайсысына қатысты да қарсы айтылған уәждер, олар туралы ғалымдар арасында түрлі көзқарастар бар. Ендеше, бұл талаптар барлық жағдайда бірдей орындалуға тиіс деп үзілді-кесілді айту қиын. Жалпы талап деген нәрсенің өзі мүлтіксіз орындалуға тиісті заң немесе айнымайтын аксиома, бұлжымас қағидат емес. Дей тұрғанмен де, адамзат қоғамының қай саласын алсақ та, белгілі бір талаптарды айқындап, сол талаптарға ұмтылу арқылы бей-берекеттілікке, тәртіпсіздікке, ретсіздікке, жүйесіздікке жол бермеу үшін мақсатты жұмыстар жүргізіледі. Сондықтан да терминге қойылатын жоғарыда аталып көрсетілген талаптар әрқашан мүлтіксіз орындала бермегенімен, термин шығармашылығында осы талаптардың үдесінен шығу козделіп отырады. Мәселенің осындай қырларын ескере отырып, мұндай талаптарды мінсіз, идеалды терминдерге арналған деп санайтын тілші-лингвист ғалымдардың кейбір тұжырымдарын негізсіз деуге болмайды. Бірақ барлық терминологиялық жұмыстардың негізгі мақсаты — жетілдірілген, барынша ретке келтірілген, бір ізге түсірілген, стандартталған терминологиялық қор қалыптастыру болғандықтан, мүмкіндігінше аталған талаптардың орындалуына ұмтылу міндет саналады. Терминмен жұмыс істеуді, термин шығармашылығымен айналысуды міндетіне алған әр маманның осыны назарында ұстағаны абзал.

Ұсынылатын әдебиеттер

Головин Б.Н., Кобрин Р.Ю. Лингвистические основы учения о терминах. М., 1987.

Гречко В.А. Каким должен быть термин? // Актуальные проблемы лексикологии и словообразования. Новосибирск, 1976.

Даниленко В.П. Лексико-семантические и грамматические особенности слов-терминов // Исследования по русской терминологии. М., 1971. С. 7—67.

Жубанов К. О специфике слов-терминов // Бюллетень государственной терминологической комиссии. №2. А., 1935.

Капанадзе Л.А. О понятиях “термин” и “терминология” // Развитие лексики современного русского языка. М., 1965. С. 75—85.

- Котелова И.З.* К вопросу о специфике термина // Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. М., 1970. стр.122—127.
- Кужин Н.П.* К вопросу о сущности термина // Вестник ЛГУ. 1952. №20. Серия истории языка и литературы. Вып. 4. С. 136—146.
- Моисеев А.И.* О языковой природе термина // Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. М., 1970. стр. 127—139.
- Пиатровский Р.Г.* К вопросу об учении термина // Уч.зап. ЛГУ, 1952, №162.
- Прохорова В.Н.* Об эмоциональности термина // Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. М., 1970. стр.153—160.
- Реформатский А.А.* Что такое термин и терминология // Вопросы терминологии. М., 1961. С. 46—54.
- Реформатский А.А.* Термин как член лексической системы языка // Проблемы структурной лингвистики. М., 1968. с. 103—125.
- Толикина Е.Н.* Некоторые лингвистические проблемы изучения термина // Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. М., 1970. С.53—67.
- Флоренский П.А.* Термин // Вопросы языкознания. 1989. №1. С. 121—133; №3 С. 104—117.
- Шелов С.Д.* Термин. Терминологичность. Терминологические определения. Санкт-Петербург. 2003.

?

Терминология деген не?

І.3. Терминология

Терминология кең мағынасында “адамның кәсіптік қызмет саласындағы қолданылатын арнаулы лексиканы қамтитын, тілдің сөздік құрамының бөлігі”. **Терминология** — арнаулы сала ұғымдарының жүйелік ерекшелігін көрсете отырып, оның коммуникативтік қажеттілігін өтеуге қызмет ететін атаулар жиынтығы.

Терминология терминінің өзі көп мағыналы термин. Ғалымдар оның 5 түрлі мағынаны білдіретінін көрсетеді.

1. термин-сөздердің жиынтығы немесе жалпы көптеген саны белгісіз терминдер:

2. қандай да бір сала терминдерінің (ұғымдары мен атауларының) жиынтығы (медицина терминологиясы, география терминологиясы);

3. терминдердің жасалуы, құрамы мен қызметі туралы ілім;

4. белгілі бір тілде қолданылатын белгілі бір білім саласы терминдердің жасалуы, құрамы мен қызметі және олардың басқа тілдердегі баламалары (эквиваленттері) туралы ілім;

5. жалпы терминологиялық ілім.

(Суперанская А.В. и др. С.14.)

Осы көпмағыналылықтан арылу мақсатымен болса керек, соңғы он шақты жыл көлемінде Ресей ғалымдары термин, терминология мәселелерін зерттейтін ілімді терминоведение деп атап жүр. Біз де ұғымдар ара-жігінің бұлайша ажыратылуын қолдаймыз. Сондықтан да терминоведение атауын **терминтану** деп қолданып жүрміз. Тілдегі барлық терминдер жиынтығын — **терминология**, ал белгілі бір арнаулы сала терминдерінің жиынтығын — **салалық терминология**, ал общая терминология атауын — **жалпы терминтану** деп бір ізді атаған дұрыс болар деп ойлаймыз.

Терминологиялық лексиканың әдеби тілге қатысы туралы мәселеге деген ғалымдардың көзқарасы да бірдей болмай келгендігі белгілі. А. Суперанская және басқа ғалымдар ондай пікірлерді үш топқа жіктейді:

1. Терминология — әдеби тіл лексикасының құрамына кіретін бір бөлігі.

2. Терминология — әдеби тілмен аз ғана ортақтығы бар ұлттық тілдің дербес лексикалық бөлігін құрайды.

3. Терминология — ешқандай да тіл емес, ол жасанды таңбалардың жүйесі болып табылады

Бұл үш түрлі пікірдің алғашқы екеуінің қайсысы дұрыс деген мәселе туралы ойлануға, пікір таластыруға болар, ал үшіншісінің ғылыми негізі берік деп айта алмасaq керек. Терминдердің негізгі басым бөлігі белгілі бір ұлт тілі негізінде жасалған сөздер (символ-сөз терминдерді қоспағанда) екендігін ескерсек, бүкіл терминологияны жасанды таңбалар жиынтығы деп оны тілден мүлде бөліп қараудың реті бар деп айту қиын. Ал алдыңғы екі көзқарасты жақтаушылардың да алға тартатын өзіндік деректері мен дәлелдері бар. Қазақ тіл білімінде соңғы жылдарға дейін тек “Терминология — әдеби тіл лексикасының құрамына кіретін бір бөлігі” деген

пікір ғана орын алып келді. Екінші көзқарасқа назар аударушы зерттеушілер бізде соңғы кездері ғана пайда болды. Жалпы терминологияның әдеби тілге қатысы туралы мәселе әлі де тілші-терминтанушы ғалымдар тарапынан терең де жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Салалық терминология. Ғылым мен техниканың, өндіріс пен өнердің сан түрлі салалары болатындығы белгілі. Адам қызметінің алуан түрлі сондай арнаулы салаларындағы деректі және дерексіз ұғымдардың атаулары мыңдап саналады. Сондай белгілі бір арнаулы сала атауларының жиынтығын — *салалық терминология* деп атайды. Мұндай терминдер жиынтығын *география терминологиясы, физика терминологиясы, математика терминологиясы, музыка терминологиясы* деп өз саласының атымен қосып нақтылап та атай береді. Бұл салалардың атауларын негізінен осы салаларды зерттейтін ғалымдар мен практик мамандар жасайды.

1.4. Терминологияға қойылатын талаптар

1.4.1. Терминологиядағы жүйелілік туралы

“Сөздердің жиынтығы терминология — екі қожайынның қызметшісі: лексика жүйесінің және ғылыми ұғымдар жүйесінің.”

А. А. Реформатский

Арнаулы сала атауларының жиынтығы болып табылатын терминологияны — **терминологиялық жүйе** немесе ықшамдап **терминжүйе** (терминосистема) деп атау дәстүрлі нәрсе. Аты айтып тұрғанындай терминологияға жүйелілік тән. Әр саланың ұғымдарының өзара байланысы, иерархиясы, сатылық, түрлік қарым-қатынасы ұғымдық, логикалық тұрғыдан қалай жүйелі болса, тілдік тұрғыдан да сол ұғымдардың жүйесін көрсететіндей етіп таңбалау қажет болады. Сондықтан да тілдік бірліктер терминдердің ұғымдар жүйесінің ерекшелігін көрсетіп бере алатындай сөзжасамдық жүйелілікке негізделіп жасалып, соның негізінде терминологиядағы жүйелілікке

қол жеткізу көзделеді. Терминологиядағы жүйелілік ұғымдар жүйесінің аралық байланысын тілдік бірліктер атау сөздер арқылы да жүйелеп беру болып табылады.

Терминнің жүйелілікке сәйкес жасалып, терминологияның жүйелі болуы қажеттігін алғаш атап көрсеткен ғалымдардың бірі — А. Реформатский “Тілдегі сөздердің жалпы үрдісі — сөзжасамдағы жүйелілік — терминдерде бұл үрдіс айрықша айқын байқалады” деп, жүйеліліктің терминологияда ерекше анық көрініс табатындығын айта келіп, “Терминология белгілі бір ғылымның ұғымдар жүйесін білдіру үшін қажет” деген тұжырым жасайды. Бұл — ұғымдар жүйесін белгілейтін атаулар жиынтығының да өзі таңбалаушы болып отырған жүйенің ерекшелігін көрсете алатындай жүйелі болуы керек деген сөз. Ғалым терминологияның ең алдымен, ұғымдар жүйесін көрсету үшін қажеттігін оның басты белгісінің бірі ретінде атап айтады.

Терминологиямыздың негізгі бөлігін өзге тілдерден дайын қалпында қабылдаған терминдер құрап тұрған біздің жағдайымызда ұлт тілінде термин жасауға айрықша мән берілуі керек. Бірақ ұлт тілінде жасалған екен деп сараламай-ақ барлық терминдерді оңды-солды қолдана беретін болсақ, жетілдірілген терминологиялық жүйе қалыптастырудың орнына жүйесіздік тудыруымыз әбден мүмкін. Терминологияға қойылатын ең басты талаптың бірі жүйелілік туралы айтқанда, басын ашып айта кететін мәселе бар. Осы соңғы он-он бес жыл көлемінде терминдену жолымен немесе терминжасамның өзге тәсілдерімен жаңа терминдердің жасала бастағаны белгілі. Соған орай кейбір тіл мамандары мен әр түрлі мамандық иелері ұлт тілінде термин жасау терминологияда жүйесіздік туғызады деген пікір айтып жүр. Бұл пікірмен мүлде келісуге болмайды. Мәселенің байыбына бармай жатып мұндай пікір айтудың орынсыз екенін айтқымыз келеді. Себебі, терминологиядағы жүйесіздіктің туындауы — термин жасаушы маманның ұғымдар жүйесінің ерекшелігін ескермеуінен, яғни дәлірек айтқанда, оның термин жасау тәжірибесінің аздығынан болатын жайт. Әйтпесе, ұлт тілінде де ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшелігін дәл көрсетіп бере алатын тілдік тұрғыдан да жүйеленген терминология қалыптастыруға әбден болады. Мысалы, оның жарқын үлгісін кезінде ғұлама ғалымымыз А. Байтұрсынұлы жасаған тіл білімі мен әдебиеттану терминдерінен анық көруге болады. Төмендегі терминжасам үлгілеріне (модельдерге) назар аударып көрелік:

*БІРІНШІ
ҮЛГІ*

АЗАПТАН+
БАЙЛАҢ+
МАРҚАЙ+
НАЛ+
НАМЫСТАН+
СҰҚТАҢ+
ТАРТ+

ЫС

ӘЛЕКТЕҢ+
ӨУРЕЛЕН+
ШИЕЛЕН+
ШЕШІЛ+

ІС

*ЕКІНШІ
ҮЛГІ*

БАСТА+
АНЫҚТА+
ТОЛЫҚТА+
ПЫСЫҚТА+
БАЯҢДА+

УЫШ

*ҮШІНШІ
ҮЛГІ*

ҒҰРЫПТА+
ЗАУЫҚТА+
ҚАЛЫПТА+
САЛПТА+
САРЫҢДА+
САУЫҚТА+

МА

*ТӨРТІНШІ
ҮЛГІ*

ЖАҚ+
СЫЗЫҚ+
ҚАБАТ+

ША

ЕСІМ+
КӨСЕМ+

ШЕ

*БЕСІНШІ
ҮЛГІ*

ЖАЛҒАУ+
СҰРАУ+
ЖОСПАР+
ҚОСАР+
ТАСТАР+

ЛЫҚ

ТЫНЫС+
ЕСІМ+
ЕГІС+

**ТЫҚ
ДІК
ТІК**

Біз бұл жерде А. Байтұрсынұлының қаламынан туындаған терминдердің бірнеше үлгісін ғана көрсеттік. Берілген үлгімен жасалған терминдердің бәрін қамтуды да мақсат етпедік. Мәселен, төртінші үлгі бойынша жасалған терминдер қатарын **БАСТА+МА, ҚЫЗДЫР+МА, ЕРМЕКТЕ+МЕ, ҰСЫН+БА, ҚОРЫТ+ПА** сияқты, ал бесінші үлгіні **ЕКПІН+ДІК, ДӘЛДЕУ+ЛІК, ЕМЕС+ТІК** тәрізді терминдермен толықтыра беруге болады. Жоғарыдағы үлгілермен жасалған терминдердің кейбіреулері тілде бұрыннан болған. Олар терминдену жолымен өздерімен бір үлгіде жасалған терминдер қатарына еніп, жүйелілікті сақтап тұр. Олардың қатарына **БАЙЛАНЫС, ШИЕЛЕНІС, ТАРТЫС** терминдерін жатқызуға болады.

А. Байтұрсынұлы жасаған терминдердің ішінде мұндай бір үлгімен жасалған терминдер жетерлік. Ол арнайы әңгіме арқауы боларлық мәселе. Осында берілген бірнеше мысал арқылы ғана ұлт тілінде термин жасау жолымен де ұғымдар жүйесінің ерекшелігін көрсетіп, терминологиядағы жүйелілікті сақтауға болатындығын байқау қиынға соқпайды. Осы тұста терминтанудың дамуына айрықша үлес қосқан ғалым А. Реформатскийдің терминдердің жүйеге байланысты, оған бағынышты болуы керектігі туралы айта келіп, “Терминдер өздері белгілейтін заттар мен құбылыстардың жүйелілігін көрсететін жүйе құрауы тиіс” деген сөзінің орынды айтылғанына тағы да көз жеткіземіз.

Кейінгі жылдары да бұл тәрізді бір тектес ұғымдардың өзіндік ерекшелігін көрсетіп бере алатын үлгілес терминдердің жасалып жүргендігін айту керек. Мысалы, солардың қатарына тілші ғалым Ә. Жүнісбек жасаған фонетика терминдерін жатқызуға болады. Олар **-м, -ым, -ім** форманттары арқылы жасалған төмендегі терминдер:

| | | |
|-----------|----|-------------------|
| АЙТЫЛ+ | ЫМ | - АКУСТИКА |
| ЖАСАЛ+ | | - АРТИКУЛЯЦИЯ |
| ҚАБЫЛДАН+ | | - ВОСПРИЯТИЕ РЕЧИ |
| ЕСТІЛ+ | ІМ | - ПЕРЦЕПЦИЯ |

Бұл терминдер қатарына **үндесім** (сингармонизм), **жуысым** (щелинность), **тоғысым** (смычка) сияқты терминдер де

кіреді. Мұндай терминдерді терминологиядағы жүйелілікті бұзып тұр деуге ешқандай негізіміз жоқ. Сондықтан да термин жасауға жауапкершіліксіз қарау салдарынан сәтсіз жасалған кейбір терминдерді мысалға келтіре отырып, ұлт тілінде термин жасау жүйесіздік туғызады деген пікірді қолдай алмаймыз. Терминологиядағы жүйесіздік — жүйелілікке негізделген терминдер жасай алмаудан, ұлт тілінің мүмкіндігін дұрыс пайдаланбаудан, терминологиялық жұмыстарды кәсіби деңгейде жүргізе білмеуден туындайтын жайт.

Сонымен, қорыта айтқанда қазіргі кезеңде ұлт тілінде термин жасау, біршама жанданып отыр. Бұл ғылыми-техникалық терминологияны ұлт тілі негізінде қалыптастыруға бағытталған дұрыс үрдіс. Оған теріс баға берудің орны жоқ. Тек қазіргі кезеңде термин шығармашылығында орын алып отырған кемшіліктерді уақытында түзетіп, терминологияны жетілдіру жолындағы терминологиялық жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде жүргізу — ең басты міндет.

Терминологияны қалыптастыру туралы айтылғанда терминология стандартталған, біріздендірілген, реттелген, жетілдірілген болуы қажет деген талаптар да қойылып жатады. Терминологиядағы жүйелілікке қол жеткізіп, аталған талаптардың орындалуы үшін мақсатты түрде үнемі жүргізіліп отыратын жұмыстар бар. Оларды *терминологиялық жұмыстар* деп атайды. Төменде солардың негізгілеріне тоқталамыз. Терминологияға қойылатын өзге талаптар осы терминологиялық жұмыстармен тікелей байланысты, дәлірек айтқанда терминологиялық жұмыстардың барлығы сол талаптардың орындалуы үшін жүргізіледі.

Ұсынылатын әдебиеттер

Айтбайұлы Ө. Терминология // Қазақ тілі. Энциклопедия. А., 1998.
Болғанбаев Ө. Арнаулы сөздер // Қазақ тілінің лексикологиясы. А., 1988. 82—83.

Қалиев Б. Тілдің лексика саласындағы жүйелілік мәселесі // Қазақ тілінің көкейтесті мәселелері. А., 1997. 53—61.

Құрманбайұлы Ш. Ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастырудағы жүйелілік мәселесі // Мемлекеттік тіл: терминология іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. Астана, 1999. 93—99 б.



1.5. Терминологиялық жұмыстар

Термин шығармашылығы стихиялы түрде жүзеге асып жататын жұмыс емес. Әр маман өз бетінше термин жасап, оны қалауынша қолданатын болса немесе термин шығармашылығы жалпыхалықтық, бұқаралық сипат алып термин жасау ісі үйлестірілмей, кәсіби тұрғыдан қолға алынбай ырқына жіберілсе, онда терминқор қалыптастыруда жүйесіздік, ретсіздік, жарыспалылық, тілдік нормадан ауытқушылық сияқты көптеген кемшіліктер орын алады. Сондықтан да кез келген тілдің ұлттық терминологиялық қорын қалыптастыру — кәсіби мамандардың белгілі бір жоспарлы жұмыстарды жүргізуі арқылы жүзеге асырылады. Терминтануда ондай жұмыстардың басын қосып, жинақтай отырып, *терминологиялық жұмыстар (терминологические работы)* деп атайды. Терминологиялық жұмыстардың қатарына *біріздендіру (унификация), стандарттау (стандартизация), реттеу (упорядочение), жетілдіру (усовершенствование), жүйелеу (систематизация), нормалау (нормализация)* сияқты жұмыс түрлері жатқызылып келді. Терминтану саласындағы әдебиеттерде бұл жұмыстар түрлерін нақты жіктеп-жіліктеп, әрқайсысының ауқымын мейлінше дәл анықтап беру жағы әлі де болса жетісіңкірей бермейді. Оларға берілген анықтамалар да кейде ішінара бірін-бірі қайталап жатады немесе бұл ұғымдарды әр зерттеуші түрліше түсіндіретін жағдайлар да кездеседі. Мәселен, Г.В. Степанов бұлардың ішінен *біріздендіру, стандарттау, реттеу* үшеуін негізгі терминологиялық жұмыстар ретінде атап көрсете отырып, оларға төмендегідей анықтама береді.

Реттеу — терминдердің белгілейтін ұғымдарына мүмкіндігінше толық сәйкес келуін іздеуге бағытталған мамандардың бірлескен жұмысы.

Стандарттау — әр ұғым үшін бір ғана терминді таңдап, оны арнайы құжаттарда бекіту. Бұл терминмен қатар кейде *кодификация* атауы да синоним ретінде қолданылады.

Біріздендіру — әр түрлі ұлттық тілдердегі терминдермен аталатын ғылыми және техникалық ұғымдардың сәйкес келуі.

Терминологиялық жұмыстардың атаулары алмастырылып, бұл жұмыстардың ара-жігі ажыратылмай, жалпы қолданыла беретін немесе әр ғалымның бір ғана терминологиялық жұмысты түрліше атауын да кездестіре беруге болады.

Тілші-терминолог ғалымдардың терминологиялық жұмыстардың атауларына қатысты пікірлері әр түрлі болғанмен, әлем халықтарының тілдерінде олар түрліше аталып жүргенімен терминология дамуының барлық кезеңінде бұл жұмыстар жүргізіліп келген және жүргізіле де береді. Терминқор қалыптастыру барысында оны ғылым тілінің, терминологияның талаптарына, тілдік қатысым мен тілдік нормаға сәйкес жүйелеуге тура келеді. Алайда бір атаумен әр түрлі ұғымдарды немесе бір ұғымды түрліше атап жұртты жаңылыстырмас үшін терминологиялық жұмыс атауларының өзін бірізді қолданған жөн.

90-жылдардан кейін жарық көрген А.В. Суперанская, Н.В. Подольская, Н.В. Васильева сияқты авторлар өздерінің бірлесіп жазған еңбектерінде реттеу мен біріздендіру нормалаудың құрамына кіреді деп біледі. Нормалау термині мейлінше дәйекті әрі оның ауқымы кең дей келіп, олар халықаралық термин болғандықтан оны аударудың қажетсіздігін және бұл терминнен нормалау (нормализовать) немесе нормаландыру (нормализировать), нормаланған терминология (нормализированная терминология), нормалау қызметі (нормализаторская деятельность) тәрізді туынды терминдер қатары өрбиді дейді¹.

Біздің терминологиялық жұмыстардың барлығы да кеңестік кезеңде орыс тіліне негізделген халықаралықтандыру бағытында жүргізілді. Тілішілік, тіларалық, халықаралық деңгейлердің қай-қайсысын да біз жалпы кеңестік терминқор қалыптастыру бағытын негізгі бағдарымыз ретінде берік ұстандық.

¹ А.В. Суперанская, Н.В. Подольская, Н.В. Васильева. Общая терминология. Терминологическая деятельность. М., 1993. стр. 189.

1.5.1. Терминологияны стандарттау туралы

Терминологияны стандарттау — негізгі терминологиялық жұмыстардың бірі. Бұл жұмыс белгілі бір ұлт тілінің шеңберінде де, халықаралық деңгейде де жүргізіледі. Р.Г. Котов “Терминологияны біріздендіру мен стандарттау туралы айта отырып, дәлме-дәл мағынасында стандарттаудың қол жетуі қиын мақсат екенін, оның өзінше бір идеал екендігін атап көрсету қажет”¹ — деген болатын. Ғалымның бұл пікірін терминологиядағы стандарттылықтың аса күрделі, оңайшылықпен қол жете қоймайтын жоғары талап екендігін сезіне отырып айтылған сөз деп ұққанымыз орынды болар. Бір ғана терминнің төңірегінде сала мамандарының ішінде он түрлі пікір айтылып, ортақ шешімге келе алмай жататын жағдайлар жиі ұшырасады. Ал бір тіл деңгейінде, одан шығып тіларалық, бірнеше тілдер арасындағы халықаралық стандарттауға қол жеткізу одан да қиын жұмыс. Дегенмен терминологияны халықаралық деңгейде стандарттауға әлемдік деңгейде едәуір көңіл бөлініп келеді. Халықаралық стандарттау ұйымының (ИСО) негізгі бағытының бірі терминологияны стандарттау болып саналады. Бұл жұмыстардың күрделілігі мен маңызын ескере отырып, ЮНЕСКО-ның бастамасымен терминология бойынша халықаралық ақпараттық орталық ИНФОТЕРМ 1971 жылы құрылды. Бұл орталықтың негізгі міндеттерінің бірі терминология бойынша Халықаралық ақпараттық желі — ТЕРМНЕТ жүйесін құру болатын. Қазір бұл жұмыс жолға қойыла бастады.

Стандарттау жұмысы КСРО кезінде 30-жылдардан басталып жүргізілді. Басқа терминологиялық жұмыстар сияқты стандарттау да біздің тілімізде халықаралық сипатқа ие болды. “Нормалау мен стандарттау бір тілдің көлемінде, туыстас тілдер шеңберінде, белгілі бір аймақта қатар өмір сүріп жатқан тілдер тобының арасында немесе әлемдік масштабта жүргізілуі мүмкін. Терминологиялық жұмыс көлемі, мақсаты мен міндеті, осы жағдайларға байланысты өзгеріп отырады” — деп ғалымдардың дұрыс атап көрсеткеніндей, 90-жылдардан

¹ Котов Р.Г. Развитие терминологии и информационные потребности современного общества // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик. А., 1983. С. 45.

бастап, отандық терминологтың жұмыс көлемі де, мақсаты мен міндеті де өзгерді. Себебі, бұрын ұлттық республикалардағы терминология дамуының негізгі бағыт-бағдарын да терминологиялық жұмыстарды жүргізудің негізгі қағидаттарын да орталық, яғни Мәскеу белгілеп отырса, енді сол жұмыстардың барлығын да өз қолымызға алуға тура келді. КСРО халықтарына ортақ терминологиялық қор құрып жатқан едік, сол КСРО-мыз тарап кетті. Терминқорымызды жетілдірудің, дамытудың бағыт-бағдарын анықтап алу қажеттілігі туындады. Тәуелсіздігін жариялаған тәуелсіз мемлекеттер өз тілдерінің терминологиясын қалыптастырудың жаңа бағыттарын таңдауға көше бастады. Кезінде одақтың ортақ тілі орыс тілін үлгі ете отырып ұлттық терминқорын қалыптастыруда саяси сыңаржақтық, тілдік үстемдік, терминологиялық жұмыстарды жүргізуде біржақтылық орын алғандықтан жаңа құрылған ТМД елдерінің бірде-бірі ортақ терминқор құру мәселесін қайта көтермеді. Ұлттық терминжүйені қалыптастыруда орыс тілін үлгі етіп алу былай тұрсын, оны терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде танып, өзге шет тілдері сияқты пайдалануға да бейілділік байқатпады. Мұны кезіндегі Одақтың тіл саясатында орын алған сыңаржақтықтың, ұлт тілдеріндегі ғылыми-техникалық терминологияны қалыптастырудың қағидаттарын белгілеудегі негізсіз үстемдіктің салдары деп ұққан дұрыс болар. Соңғы он-он бес жыл көлемінде кеңестік дәуірде орыс тілінен ұлт тілдеріне өзгеріссіз қабылданған терминдерді қайта қарау, олардың орнына жаңа атау жасап ұсыну, әр тілдің өз ішкі лексикалық қабаттарынан балама тауып алмастыру үрдісі көрініс бере бастады. Бұл құбылыс бізде де анық байқалды. 90-жылдардың басында академик Ә.Қайдар “Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген термин-атауларды мүмкін болғанынша қазақша аударып қолдану; аударуға келмейтіндерін бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау” ұлттық терминологияны дамытудың қағидаттарының бірі (6-қағидат) болуы керек деген ұсыныс жасады. Академик ұсынған 11 қағидаттың алтыншысы ретінде көрсетілген бұл қағидат ұлттық терминологияны дамытуда басшылыққа алынуы қажеттігі мемлекет тарапынан ресми белгіленбегенімен соңғы жылдардағы термин шығармашылығына ықпал етпеді деп айту қиын.